

**ШАРУАШЫЛЫҚ АУМАҚТЫҚ  
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ.  
ІШКІ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ**



Caspian sea



ҚАРАҒАНДЫ



**ӨНЕРКӘСІБІ**

\* **Орталық Қазақстан** - республикамыздағы ірі индустриалды аудандардың бірі. Жалпы ауданның аймақтық өнім шығарудағы үлесі **9%-дан** астам.

\* Кен орындарының барланған қоры –

✓ Отын;


✓ электр қуаты;

✓ металлургия өнеркәсібін дамытуға мүмкіншілік береді

\* Ауданда ірі тау-кен металлургия кешені қалыптасқан. Оның құрамына - тау-кен өндірісі салалары мен кара және түсті металлургия кәсіпорындары, көмір өнеркәсібі кіреді. Аудан экономикасында отын өнеркәсібі маңызды рөл атқарады. Мемлекетіміздің маңызды көмір базасына Қарағанды тас көмір алабы жатады. Онда республикада өндіретін тас көмірдің 32%-ы өндіріледі.



**Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Қарағанды көмір алабыздік соғыс жылдары Қарағанды көмір алабы**







\* Қара металлургия өнеркәсібінің дамуы Теміртау каласындағы толық циклді комбинатқа байланысты. Комбинатта шойынның 100%-ын, болаттың 97%-ын шығарады. Қуаттылығы жөнінен ТМД көлеміндегі металлургия кәсіпорындарының арасында 7-ші орында.

\* Түсті металлургияда қарқынды дамығаны мыс өндіру саласы, бірақ басқа да түсті металдардың қоры аз емес. Ірі тау-кен металлургия комбинаты Жезқазғанда (Қазақстандағы ірі комбинат) және Балқашта салынған

## Орталық Қазақстанда шығарылатын өнеркәсіп өнімдерінің түрлері

Өнім түрі	Қазақстан	Орталық Қазақстан
Көмір (млн т)	117	35
Күміс (мың кг)	447	436
Алтын(мың кг)	16,7	4,3
Прокат(млн т)	30	30
Шойын(млн т)	3,4	3,1
Рафинадталған мыс (мың т)	339	308

\* **Электр қуаты** саласында жылу электр стансалары негізгі рөлді атқарады. Қарағанды МАЭС-і және Теміртау, Балқаш ЖЭОӨ-ы орталық ауданның кәсіпорындарын, сонымен бәрге оңтүстік экономикалық ауданның кәсіпорынының кейбір кәсіпорындарын электр қуатымен қамтамасыз етеді.



\* **Машина жасау өндірісі көмекші салалардың рөлін атқарады .**  
**Қарағанды тау-кен жабдығы машина зауыты - металлургия кәсіпорындарына арналған тау-кен шахта құрал-жабдықтарын шығарады.**

\* Орталық Қазақстан аумағында Қарағанды-Теміртау АӨК және Балқаш-Жезқазған өнеркәсіп тораптары орналасқан. Бір-бірімен жоғарғы электр желісі арқылы және темір жолмен байланысады. Қарағанды-Теміртау АӨК (ең қуаттысы) көмір өнеркәсібінің негізінде қалыптасқан. Орталығы Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинаты. АӨК-нің құрамына өнеркәсібі дамыған Абай, Саран, Шахтинск қалалары, қала типтес Долинка, Шахан, Топар және т.б. кенттер кіреді. Бұл кешенде металды көп қажет ететін машина жасау және негізгі химияның салалары дамыған. АӨК-ні сумен Ертіс - Қарағанды каналы және Нұра су қоймасы қамтамасыз етеді.





СТОЛОВАЯ

- \* Негізгі **көлік** түрі – теміржол.
- \* 1930 ж Астана-Қарағанды-Мойынты-Шу теміржолы солтүстік, орталық аудандарын дамытты.
- \* Автомагистральдар аудан ішіндегі және көршілес аудандардың ірі өнеркәсіпмоторындарын байланыстырады.

ҚАРАҒАНДЫ

ҚАРАҒАНДЫ





\* Ауыл шаруашылығының салаларын дамытуға ауданның солтүстік бөлігі қолайлы. Негізінен астық тұқымдастардан жаздық бидай, арпа, тары, техникалық дақылдардан күнбағыс және бау-бақша мен картоп егіледі. Сонымен бірге ірі қара, жылқы, кой, шошқа өсіріледі. Ауданның оңтүстігіндегі жерлер тек кана мал жайылымына жарамды. Әсіресе қой бағылады. Орталық Қазақстан ауыл шаруашылық өнімдерімен өзін-өзі толық қамтамасыз ете алмағандықтан сырттан әкеледі. Ауыл шаруашылығына, әсіресе солтүстігіндегі тыңайған жерлерге жел эрозиясы үлкен зиян келтіріп отыр.



# Экологиялық проблемалары

\* Республика аймағында бірнеше ірі экологиялық қолайсыз аймақ болса, соның бірі - Қарағанды облысы (орталық аудан). Экологиялық тепе-теңсіздіктің негізгі көзі: ауаның, судың және топырақтың ластануы, өнеркәсіп қалдықтарының әсерінен және аумағының Семей полигонына жақын орналасуынан. Көптеген пайдалы қазбалардың кен орындарында тиісті экологиялық талаптарды орындамай пайдаланғаннан кейін ашық күйінде тастап кеткен немесе істен шығарылған. Бұл да қазіргі кезде қоршаған ортаға өз зиянын тигізуде. "Байқоңыр" ғарыш айлығынан ұшырылған "Протон" зымырантасығышы 1999 жылы екі рет құлап, Қарқаралы, Жаңаарқа аудандарының жері мен ауасын гептил отынымен улады.















GIFR.RU

Раклетем,

gocmap!